



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелеріне
(Е. Саиров, А. Сарым, Е. Бейсенбаев)**

2022 жылғы 9 наурыздағы № ДС-90

Құрметті депутаттар!

Отандық бизнестің мүдделеріне қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

Қалыптасып отырған геосаяси шиеленіс жаһандық жеткізілім тізбегіне әсер етіп, шикізат пен тауарлар бағасының өсуін, өңірдегі тасымал дәліздерінің өзгеруін қамтитын көптеген проблемаларды туғызады.

Экономика мен бизнесте туындайтын проблемалық мәселелерді шешу мақсатында Үкімет дағдарысқа қарсы шаралар жөніндегі жедел штаб (бұдан әрі – жедел штаб) құрды, оның отырыстары аясында шет елдерге жүктерді тасымалдау мәселелері қаралды.

Қазақстанның көлік логистикасын әртараптандыруға қатысты

Еуропаға жүктерді үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін Транскаспий халықаралық көлік маршруты (бұдан әрі – ТХКМ) арқылы тасымалдау көлемін ұлғайту жұмысы жүргізілуде.

ТХКМ (Ақтау, Құрық, Баку, Батуми, Поти) бойындағы теңіз порттарының қуаты осы бағытта шамамен 7 млн тонна жүкті өткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қазақстан мен Латвияның көлік ведомстволары арасында Ресей аумағында қалып қойған қазақстандық жүкті Рига және Вентспилс порттары арқылы Еуропаға тасымалдау туралы келіссөздер жүргізілді.

Бұл ретте Латвия тарапы алдағы уақытта өз порттарының қазақстандық транзиттік жүктерді қабылдап, өткізу қабілеті айтарлықтай жоғары деңгейде екенін хабарлады.

Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Халықаралық сауда брендтерінің Қазақстанмен тікелей жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысты

Бүгінгі таңда 300-ге жуық халықаралық компания экономиканың барлық салаларында өздерінің Ресей нарығынан кететінін немесе инвестицияларын, тауарларды жеткізуін немесе басқа қызметін шектейтінін мәлімдеді.

Бұл ретте тауарлардың кең спектрі Қазақстанға шетелдік компаниялардың Ресейде орналасқан дистрибьюторлары арқылы жеткізіледі.

Қазақстан бизнес жүргізудің көптеген маңызды тұстары бойынша (*тұрақты банк жүйесі, бизнес пен инвесторларды мемлекеттік қолдау шаралары, қолайлы салық салу және т.б.*) шетелдік компанияларға қызықты болуы мүмкін.

Осыған байланысты Үкімет олардың Орталық Азия және ТМД өңіріндегі жұмыс стратегиясын түсіну үшін осы компаниялардың кеңселерімен өзара іс-қимыл жасау бойынша жұмысты бастады.

Сонымен қатар, ірі халықаралық компаниялардың көшуі үшін барлық ұйымдастырушылық және заңнамалық мәселелерді егжей-тегжейлі пысықтау қажет.

Осы бағыттағы жұмыстар жалғасатын болады.

Мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыруға қатысты

Қазіргі уақытта қазақстандық мұнай экспортының 75 %-дан астамы Каспий құбыр консорциумының (бұдан әрі – КҚК) мұнай құбыры арқылы жүзеге асырылады.

КҚК-дағы аварияға байланысты Үкімет қосымша көлемдерді теңіз көлігімен, құбырмен және теміржолмен басқа экспорттық бағыттарға тасымалдау мүмкіндігін қарастыруда.

Уақыт және логистикалық факторларды ескерсек, Баку-Тбилиси-Джейхан құбырына қосылатын Ақтау теңіз порты арқылы Транскаспий бағыты перспективалы болып табылады.

Сондай-ақ Атырау-Самара мұнай құбыры мен Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын (ҚХР бағытында) қосымша жүктеу мәселесі қарастырылуда.

Бұл ретте мұнай тасымалдаудың жана экспорттық бағыттарын дамыту олардың экономикалық орындылығына негізделетін болады және тиісті пысықтауды талап етеді.

Үкімет жанындағы жедел штаб шеңберінде ағымдағы ахуалға тұрақты мониторинг жүргізіп отыр.

Қазақстанның экономикалық мүдделерін қорғауға қатысты

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, орта мерзімді перспективада жаһандық сыртқы сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан экономикасын дамытудың алдағы бағытын айқындайтын «Жаңа экономикалық саясат» тұжырымдамасының жобасын әзірледі.

Жаңа экономикалық бағыттың негізгі мақсаты тұрақты, сапалы және инклюзивті экономикалық өсу және сол арқылы халықтың өмір сүру деңгейін едәуір арттыру болып табылады.

Мәселен, **бәсекелестікті және экономикалық еркіндікті дамыту үшін** ұлттық идея ретінде адал бәсекелестікке, бәсекелі және монополияға қарсы тетіктерді қайта қарауға, бағаларды әкімшілік бақылаудан әділ баға белгілеуге көшуге баса назар аударылатын болады.

Макроэкономикалық тұрақтылық пен орнықтылық бағыты бойынша мемлекеттік қаржының теңгерімділігін қамтамасыз ету және орнықтылығын

сақтау, бюджетаралық қатынастарды реформалау және мемлекеттің экономикаға қатысуын одан әрі қысқарту ұсынылады.

Экономиканы әртараптандыру бағытында қазіргі заманғы өндірістік инфрақұрылым құру, өнеркәсіптік және өңірлік дамудың конвергенциясы, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту басымдыққа ие.

Адами капиталды дамытуда еңбек өнімділігін арттыруға, атаулы әлеуметтік көмектің жаңа форматын енгізуге және «білім экономикасына» көшуге баса назар аударылған.

Сондай-ақ геосаяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты тәуекелдерді сездірмеу және олардың банктердің пруденциялық нормативтерді орындауына ықпалын әлсірету үшін Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп нақты шаралар қабылдап жатыр.

2022 жылғы 1 маусымға дейін банктер пруденциялық нормативтер талаптарын өздеріне тәуелсіз мән-жайлар (*клиенттердің ақша қаражатының кетуі, теңгенің айырбас бағамының өзгеруіне, міндеттемелердің валюталық құрылымының өзгеруіне байланысты активтер мен міндеттемелердің құнын қайта бағалау*) салдарынан бұзған кезде оларды сақтаудың ерекше тәртібі енгізілді.

2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін шетелдік бас банктердің өз қаражаты есебінен өздерінің Қазақстандағы еншілес құрылымдарының өтімділігін нығайту мүмкіндігіне қолдау көрсету мақсатында елдің бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге қатысты банктің капиталдандыру нормативін орындау кезінде еншілес банктердің міндеттемелерін есептеуде бас банктерден алынған депозиттер мен кредиттер сомасы алып тасталды.

2023 жылғы 1 қаңтарға дейін заңды тұлғалардың депозиттерін мерзімінен бұрын алу мүмкіндігімен қолжетімді тұрақты қорландыру есебіне қосу арқылы нетто тұрақты қорландыру коэффициентін (NSFR) одан әрі қатаңдату мерзімі ауыстырылды.

Банк жүйесінің ықтимал стрестік сценарийлер мен келеңсіздіктерге тұрақтылығы дәрежесін бағалау үшін тәуекелге бағдарланған қадағалау құралдарын кеңейту бойынша жұмыс жалғасуда. Атап айтқанда, ықтимал келеңсіздіктердің пайда болуын бағалау үшін тұрақты AQR және қадағалау стресс-тестілеу жүйесі әзірленіп, енгізілді және тәжірибеде сыналды.

Қазақстанның банк секторының меншікті капиталы 4,6 трлн теңгені құрайды. Екінші деңгейдегі банктердің шамамен 11,6 трлн теңгені немесе активтердің 31,3% - ын құрайтын өтімділігі жоғары активтер қоры бар. Капитал мен жоғары өтімді активтердің қоры банктерге қаржы нарығындағы келеңсіздіктерді еңсеруге мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, бұл мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Ә. Смайылов